



Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

15 тамыз 2026 жыл Сенбі №32 (12 083)

<https://qarqaralygazeti.kz>

www.facebook.com/qarqaralygazeti/

qarqaraly_gazeti

karkaraly_too@mail.ru

Аудан тынысы

Қарағайлыдағы құрылыс жұмыстары бақылауда

Кенттің инфрақұрылымын дамытуға бағытталған бірқатар жоба бойынша жұмыстар пысықталды



Қарқаралы ауданында елді мекендердің инфрақұрылымын жақсарту, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Осы ретте Қарағайлы кентінде атқарылып жатқан құрылыс және жөндеу жұмыстары да аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында.

Жуырда аудан әкімі Саят Қабиденұлы жұмыс сапарымен Қарағайлы кентіне барып, бірқатар маңызды нысандардағы жұмыстардың барысын тексерді. Аудан басшысы ауыз су жүйесінің құрылысы, көріз желілерінің тартылуы, дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы және Бөкейхан көшесіндегі жол жөндеу жұмыстарының жай-күйімен танысып, жауапты мамандар мен мердігерлерге нақты тапсырмалар берді.

Ауыз су жүйесі – басты назарда

Қарағайлы кентіндегі тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтуға бағытталған жоба – елді мекен үшін әлеуметтік маңызы жоғары нысандардың бірі. Қазіргі таңда жоба аясындағы жұмыстардың жалпы орындалу деңгейі 90 пайызды құрап отыр. Жұмыс сапары барысында №52 ұңғымадағы құрылыс жұмыстарының барысы қаралды. Қазіргі уақытта қоршау құрылысына арналған іргестастың қалыптарын монтаждау және арматуралау жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар өрт гидранттарына арналған құдықтардың жабын плиталары, сондай-ақ жекелеген құдықтардың темірбетон жабын плиталары ауыстырылды. Сумен жабдықтау желісінің фасонды

бөліктерін тексеру бойынша қорытынды жұмыстар да жүргізілуде. Жоба бойынша жалпы 547 құдық қарастырылған. Бүгінгі таңда олардың барлығы дайын. Бұдан бөлек, диаметрі 160 миллиметрлік құбырдың 24,9 шақырымы, 110 миллиметрлік құбырдың 28,7 шақырымы, 63 миллиметрлік құбырдың 520 метрі және 32 миллиметрлік құбырдың 12,6 шақырымы төселген.

Аталған көрсеткіштер ауыз су жүйесін іске қосу бағытындағы жұмыстардың негізгі бөлігі орындалғанын аңғартады. Дегенмен нысанды белгіленген мерзімде аяқтап, сапа талаптарын толық қамтамасыз ету маңызды.

Көріз жүйесі де жаңаруда

Қарағайлы кентіндегі инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары көріз жүйесін дамыту бағытында да жалғасуда.

Қазіргі уақытта Қ.Аманжолов, Б.Момышұлы, Ө.Төлеубаев, Н.Әбдіров, А.Машанов және А.Байтұрсынов көшелерінде көріз желілерін орнату бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталған.

Сонымен бірге диаметрі 180 миллиметр болатын құбырлар арқылы ұзындығы 3,2 шақырымды құрайтын жаңа төгу нүктесіне дейін желі тарту жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда оның 1,5 шақырымы қазылып, тиісті құбырлар төселді. Бұл жұмыстар кенттің инженерлік инфрақұрылымын жүйелеуге, санитарлық жағдайды жақсартуға және тұрғындарға көрсетілетін коммуналдық қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Спорт нысанының құрылысы жалғасуда

Кент тұрғындары үшін әлеуметтік маңызы бар тағы бір нысан – дене шынықтыру-сауықтыру кешені. Қазіргі уақытта нысанның ішкі бөлігінде санитарлық құрылғылар орнатылып, ішкі көріз және су жүйелері тартылған. Сонымен қатар кешеннің сыртқы көріз және жылу жүйелеріне арналған траншеялар қазылып, құбырларды орнатуға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің пайдалануға берілуі кент тұрғындарының спортпен тұрақты айналысуына, бұқаралық спортты дамытуға және жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік бермек.

Бөкейхан көшесіндегі жол жөндеу

Жұмыс сапары барысында Бөкейхан көшесіндегі жол жөндеу жұмыстарының барысы да назардан тыс қалған жоқ. Қазіргі уақытта жол жиектеріне бордюрлер төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Алдағы уақытта аталған көше бойынша жалпы ұзындығы 2,3 шақырым болатын жол жөнделмек. Бұл жұмыстар кент ішіндегі жол қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, тұрғындардың қатынауына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Сапа мен мерзім – басты талап

Жұмыс сапары барысында аудан әкімі жобаларды жүзеге асырып жатқан мердігер ұйымдардың өкілдерімен кездесіп, атқарылып жатқан жұмыстарға қатысты бірқатар сын-ескертпе білдірді. Әсіресе құрылыс қарқыны баяу жүргізіліп жатқан ауыз су жүйесі мен дене шынықтыру-сауықтыру кешені бойынша жұмыстарды жандандырып, белгіленген жоспарға сәйкес қарқынмен жүргізу қажеттігін атап өтті. Аудан басшысы жауапты тұлғаларға құрылыс жұмыстарын жеделдетумен қатар, олардың сапасына баса мән беруді тапсырды. Өйткені тұрғындардың игілігіне арналған әрбір нысанның уақытында әрі сапалы аяқталуы – басты талап. Қарағайлы кентіндегі аталған жобалардың жүзеге асуы елді мекеннің әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жақсартуға айтарлықтай ықпал етпек. Ауыз су жүйесінің жаңаруы, көріз желілерінің ретке келтірілуі, жаңа спорт кешенінің бой көтеруі және жолдардың жөнделуі – тұрғындардың күнделікті тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдар.

Алдағы уақытта аталған нысандардағы жұмыстардың сапалы аяқталып, белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында болмақ.

Меруерт БАЛКЕЕВА

Өнер өрісі



«Алтын домбыра» — дәстүр сабақтастығы

Қазақтың ұлттық өнері – ұлт рухының алтын арқауы. Ғасырлар қойнауынан жеткен дәстүрлі ән мен күй халқымыздың тарихын, болмысын, арман-мұратын, қуанышы мен қайғысын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келе жатқан баға жетпес рухани мұра. Сол асыл мұраны ардақтап, кейінгі буынға аманаттау мақсатында ұйымдастырылып келе жатқан дәстүрлі өнер байқауларының орны ерекше. Абай күніне орай Тегісшілдік ауылдық округінде VIII аудандық «Алтын домбыра» дәстүрлі әндер байқауы жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтті.

Ауданның әр ауылынан жиналған өнерпаздардың басын қосқан тағылымды шара ұлттық өнерді ұлықтап қана қоймай, ауыл арасындағы мәдени байланысты нығайтып, жас таланттарға шығармашылық мүмкіндік сыйлады.

«Алтын домбыра» байқауының көпшілікке ұнайтын өзіндік ерекшелігі бар. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын өнер додасында бас жүлдені иеленген ауылдық округ келесі жылы байқауды өз елді мекенінде өткізу құрметіне ие болады. Осылайша, қасиетті домбыраның үні бір ауылдан екінші ауылға жалғасып, ұлттық өнердің мерейі әр елді мекенде асқақтай түседі. Бұл – өнер додасының ғана емес, ел ішіндегі игі дәстүрдің де сабақтастығын көрсететін жақсы үрдіс.

Быылғы байқауға ауданның әртүрлі ауылдық округтерінен келген өнерпаздар қатысып, дәстүрлі өннен бақ сынады. Қатысушылар орындаушылық шеберліктерін көрсетіп, қазактың дәстүрлі өн өнерінің өзіндік ерекшеліктерін дәріптеді. Қара домбыраның қос ішегінен төгілген әуезді әуен мен сырлы саз тыңдарманға ерекше әсер сыйлап, ұлттық өнердің қадір-қасиетін тағы бір мәрте сезіндірді.

Байқаудың басты құндылығы – жас буынның ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттырып, дәстүрлі өннің табиғатын тереңірек танытуында. Өйткені дәстүрлі өн – жай ғана музыкалық шығарма емес. Оның әрбір мақамы мен әуезінде халықтың өмір салты, тарихи тағдыры, дүниетанымы мен рухани болмысы жатыр. Сондықтан оны орындау – үлкен жауапкершілік әрі өнерге деген адалдықты талап етеді.

Сайыс екі жас ерекшелігі бойынша ұйымдастырылды. 18 жасқа дейінгі қатысушылар арасында Төлеуғали Инабат үздік өнер көрсетіп, I орынға лайық деп танылды. Ал Сабыржан Аружан мен Атымтай Жансұлтан II орынды өзара бөлісті.

Жас өнерпаздардың арасындағы бұл бәсеке олардың орындаушылық шеберлігін шыңдап, сахна мәдениетін қалыптастыруға да ықпал етті. Әр қатысушы үшін байқау – жүлде үшін ғана емес, өз өнерін көпшілік алдында көрсетуге, тәжірибе жинақтауға, қатарластарымен өнер арқылы пікір алмасуға мүмкіндік беретін үлкен мектеп.

18 жастан жоғары қатысушылар арасында да тартысты өнер додасы өрбіді. Нәтижесінде Әмірбек Аружан I орынды иеленіп, Омаров Расул II орынға, Таңатов Ислам III орынға ие болды.

Өнер додасында жүлдегерлермен қатар, көрермен ықыласына бөленген өнерпаздар да назардан тыс қалған жоқ. Көпшіліктің ерекше қошеметіне ие болған Нұрғанбек және Нұрғиса есімді өнерпаздар «Көрермен көзайымы» номинациясымен марапатталып, арнайы сыйлықтарға ие болды. Бұл – өнерпаз үшін көрерменнің ықыласынан артық марапаттың бірі екені сөзсіз.

Ұлттық өнердің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы ең алдымен осындай мәдени шаралардан көрінеді. Бүгін сахнаға шыққан жас домбырашы – ертең ел алдында өнер көрсететін кәсіби маман, ұлттық мәдениеттің жанашыры болуы мүмкін. Сондықтан жас таланттарды қолдап, олардың өнерге деген ынтасын арттыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

3 бет



Қарқаралы

Индекс	Санаттар	Жазылу бағасы
65626	Жеке жазылушылар үшін	3435.20 тг
55626	Зейнеткерлер үшін	2865.20 тг
15626	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	4215.20 тг

БАСПАСӨЗ – 2025

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне екінші жарты жылдыққа жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады

Анықтама телефоны: 8-775-548-3523

Тағзым

Асұлан мен Гүлмираны сағынышпен еске аламыз...

Бір жыл өтті... Алайда уақыттың өзі жүректегі сағынышты жеңе алмайды екен. Күндер өтіп, айлар жылжыған сайын жан жарасы жазылар деп ойлайсың. Бірақ кейбір сағыныштың емі болмайды екен. Кейде бәрі кеше ғана болғандай сезіледі. Көз алдымызға жарқын жүздері келеді. Құлағымызға жылы дауыстары естілгендей болады. Есік ашылып, «келдік» деп кіріп келетіндей көрінеді. Жүрек әлі де соған сенгісі келеді... Өмірдің заңы қатал. Адам бұл дүниеге қонақ болып келеді, бірақ артында қалдырған адамгершілігі, адал еңбегі мен жарқын бейнесі мәңгі жасайды. Асұлан мен Гүлмира да сондай асыл жандардың қатарынан еді. Олар бұл өмірден ерте кеткенімен, артында өшпейтін із, сағынышқа толы естелік және мәңгілік құрмет қалдырды. Серкенов Асұлан Даукенұлы 1987 жылдың 10 шілдесінде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының Аппаз ауылында дүниеге келді. Балалық шағы туған жердің кең даласында өтіп, қарапайым еңбек пен адалдықтың қасиетін бойына сіңіріп өсті. Мектепті тәмамдаған соң Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына түсіп, өмірін ел тыныштығын қорғауға арнады.



Қызмет жолын қарапайым лейтенант ретінде бастап, қажырлы еңбегі мен жауапкершілігінің арқасында майор шеніне дейін көтерілді. Қай жерде қызмет етсе де халықтың алғысына бөленді. Қақаған қыстың боранында жолда қалған жолаушыларды құтқарып, ерлігі үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Қазіргі заман қаһарманы» төсбелгісімен марапатталуы – оның адам өмірін бәрінен биік қойған азамат екенін дәлелдейді. Асұланның болмысы – адалдықтың, қарапайымдылықтың және жауапкершіліктің үлгісі еді. Ол әрдайым туған жеріне, еліне, отбасына адал қызмет етті. Қызметтегі әріптестері оны әділдігі үшін құрметтесе, туған-туыстары кең пейілі мен қамқорлығы үшін қадірледі.

Сланбекова Гүлмира Құралбекқызы 1988 жылдың 4 тамызында Қарқаралы өңіріндегі Жарлы ауылында дүниеге келді. Қаржыгер мамандығын меңгеріп, Хоум Банк, Халық Банкі, Қазпошта, музей және халыққа қызмет көрсету салаларында абыроймен еңбек етті. Қай ортада жүрсе де мейірімімен, қарапайым мінезімен, кішіпейілдігімен айналасына жылулық сыйлай білді. Гүлмираның жүрегі ерекше мейірімге толы еді. Ол адамдардың қуанышына бірге қуанып, қайғысына ортақтасатын. Жылы сөзімен жұбатып, шынайы ықыласымен көптің жүрегінен орын тапқан аяулы жан болды. Отбасының берекесі, қызы Арманайдың ардақты анасы, ата-анасының мақтанышы, бауырларының сүйеніші еді.

Асұлан мен Гүлмира – бір-біріне жарасқан, өмірдің қуанышы мен қиындығын бірге көтере білген ерекше жұп болды. Олардың арасындағы сыйластық, бір-біріне деген құрмет пен махаббат айналасындағы адамдарға әрдайым үлгі болатын. Бірінің қуанышы – екіншісінің қуанышы, бірінің арманы – екіншісінің арманы еді. Бүгін сол бақытты күндер естелікке айналды... Бауыр үшін бауырдың орны әрдайым бөлек

Ата-аналары, бауырлары

Оқиға

Тауда адасқан екі адам аман-есен табылды

Қарқаралы ауданында таулы аймақта адасып қалған екі адамды іздеу жұмыстары жүргізіліп, олар аман-есен табылды. Оқиға Қарағанды облысының таулы өңірлерінің бірінде орын алған. Белгілі болғандай, ерлі-зайыптылар күндіз саңырауқұлақ теру мақсатына қандай да бір аймаққа «Үштау» тауына қарай бет алған. Алайда біраз уақыттан кейін олармен байланыс үзілген. Жақындарының хабарласуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың нақты қай жерде жүргенін анықтау мүмкін болмаған. Оқиғаны естіген олардың немерелері дереу құтқару қызметіне хабар берген. Осыдан кейін төтенше жағдайлар қызметінің іздестіру тобы жедел түрде іздеу жұмыстарына кірісті. Құтқарушылар таулы және күрделі жер бедеріне қарамастан, іздестіру жұмыс-

тарын жалғастырып, ерлі-зайыптыларды «Кімасар» шатқалынан шамамен 20 шақырым қашықтықтағы Қаратоқа кордоны маңынан тапты. Бақытымызға орай, олардың денсаулығына қауіп төнбеген. Ерлі-зайыптылар медициналық көмекке мұқтаж болмаған. Құтқарушылар оларды қауіпсіз жерге жеткізіп, тиісті көмек көрсетті. Бұл жағдай табиғат аясына шыққанда қауіпсіздік талаптарын сақтаудың қаншалықты маңызды екенін тағы бір мәрте көрсетеді. Өсіресе таулы және орманды аймақтарда бағыттан жаңылып қалу қаупі жоғары болғандықтан, сапар алдында

ауа райын ескеріп, баратын бағытты жақындарына хабарлап, байланыс құралдарын өзімен бірге алып жүру қажет. Сондай-ақ саңырауқұлақ, жидек немесе шөп теруге барған жағдайда елді мекеннен тым алысқа ұзап кетпеуге, таныс емес бағыттарға жалғыз бармауға және ұялы телефонның қуатын алдын ала толықтап алуға кеңес беріледі. Құтқарушылардың жедел әрі кәсіби әрекетінің арқасында тауда адасып қалған ерлі-зайыптылар дін аман үйлеріне оралды. Бұл оқиға төтенше жағдай кезінде мамандарға дер кезінде хабарласудың маңызын да аңғартады.

Өз тілшімізден

Мәңгілік сағыныш

Бір жыл өтті, Бүгін есті кім жиған? Жақсыларды бұл жалғанда кім қиған? О, Құдай-ау, Қандай еді екеуі, Асылдарым, Асұлан мен Гүлмирам. Бір жыл өтті, Жандар еді қымбатты, Кеңілісз боп, іздеуменен күн батты. Еске алып ескі күнді – жылаймыз, Жоқтықтары жүректерге шын батты. Үмітіміз, Ұшты ғой қос құсымыз, Сағынумен сарғауда ішіміз. Біз сенбейміз! Оятыңдар! Дәл бүгін Көргеніміз – қиын, ауыр түсіміз... Бірі майор, Бірі сондай қаржыгер, Жіі ойлап, Қайғырумен жан жүдер... ...Сұрасаңыз, Таныстардан – сеніммен, «Қос ғашықтар кеудемізде қалды», – дер. Дараланып іздеп бауыр, дос келді, Қимаиды да, ұмытпайды көш енді. Асұланым! Ардақтым-ау, өне тұр! Берген, Заман қаһарманы – төс белгі. Гүлмирам қыз! Гүлдей нәзік гүл едің, Ортамызда ойнап-күліп жүр едің... ...Бауырмал да, сөзге берік – жарасқан, Бәрі білер, бұл алтын жұп кім еді. Берер емес айырбасқа алтынға, Екі мықты, елден ерек, нар тұлға. ...Өзектерді өртейтін бір өкініш, Асыл ұрпақ қалмады ғой артында. Тастар менен тау үгіліп, құлаған, Келу бар да, қала қоймас сіре, адам. Сенбей, көнбей, бардай сезім – әлі де, Көз көргенде, жақындары жылаған. О, жалған-ай, жүректерді кесіп пе ең? Естігенде шықты бізде ес тіптен... ...Барлығы да, міне, жаңа болғандай, Біз сенбедік! Бәлкім, кірер есіктен... Бәлкім, олар жұмысына барды ма? Тірлік бітпей, тағы ұзақ қалды ма? Атып тұрар Анашым да, Өкем де, Ақ машина тоқтаса үй алдына. Бәлкім, олар Бір көшінде келеді, Еш алаңсыз үй ішіне енеді. Айтпағым ба? Осы өмірде адаммен Білетінім, үміт бірге – өледі. Бәлкім, олар бірге кетті жыраққа, Қайтсек дағы, Сынбау керек сынаққа. Жаратқаннан жиі тілеп, сұраймыз, Жүрсе екен, қол ұстасып, жұмақта.

Шұға ДАУКЕНҚЫЗЫ

ЕСКЕ АЛУ

Асқар тау ата, ардақты өке, асыл жар, аяулы аға, анасының сүйікті ұлы, адал дос, ағайын-туыстың қимасы **Бейсенаев Талғат Бекмағанбетұлының** мына жалған дүниеден өткеніне 22 тамызда 40 күннің жүзі болады. Бейсенаев Талғат Қарқаралы ауданының Бүркітті ауылында 1964 жылдың 12 мамырында дүниеге келген. 1981 жылы Қарқаралы қаласының қара шаңырағы – №1 қазақ орта мектебін «Алтын медальмен» аяқтап, Алматы қаласындағы ауылшаруашылық институтын инженер-механик мамандығымен аяқтайды. Алғашқы еңбек жолын Нұркен ауылында және ДЭУ-314 мекемелерінде механик, бас механик болып бастайды. 1993–1995 жылдары әскери борышын өтеп, әр салада қызмет етіп, 1998 жылы әскери қызметке аға лейтенант шенінде шақырылады. №6505, тағы басқа және 6800 әскери бөлімшелерінде қызмет етіп, полк командирінің тыл жөніндегі орынбасары лауазымына дейін көтеріліп, осы жерден 2010 жылы подполковник шенінде зейнеткерлікке шығады. Осы уақытқа дейін «Қарағанды облысының жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық басқармасының облыстық азаматтық қорғаныс объектілері» мекемесінде инженер қызметін атқарды. Амал не, сұм ажал алды-артына қаратпай, 62 жасында арамыздан мәңгілікке өкетіп, көңілге шер, көзге жас ұялатты. Жарқырап жүрген асылым, Кеттің ғой мәңгі бақиға. 90-дағы анашың. Қалды-ау үлкен қазада. Қайтпас асылым, Артында қалған ағайын, отбасыңа Жаратқан ұзақ ғұмыр, бақ сыйласын. Немерелерің ер жетіп, азамат болып өссін. Жаныңыз пейіште боп, шалқысын нұр, Сағынышпен еске алар ұрпағың жүр. Асыл бейнеңіз әрқашан жадымызда сақталады.



Марқұмның 40 күндік асы: **2026 жылғы 21 тамыз күні сағат 14:00-де Қарқаралы қаласында, «Сары-Арқа» кафесінде; 2026 жылғы 28 тамыз күні сағат 14:00-де Астана қаласы, «Шаңырақ» мейрамханасында (Айнакөл көшесі, 59).**

Азамат АЛПЫСОВ ТОЛЕУБЕК БЕЙСЕМБЕКОВИЧ 12.02.2026 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М.Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Азаматша АБИЖАНОВА БОЛҒАН 28.05.2026 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М. Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Азамат МАРАТОВ ЖАНДОС РЫМХАНҰЛЫ 08.12.2025 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М. Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Азамат НАУРЫЗБАЕВ БЕИСЕНБЕК 29.10.2024 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М. Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Тел. 8 702 391 0 333.

2026 жылдың қаңтар айының 21 күні қайтыс болған КУР-МАНОВ ЖАНДЕРКЕ атына мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдар Қарқаралы қаласы Т.Өубәкіров көшесі 21 А ғимарат 3-бөлме мекенжайы бойынша (фотосалон ғимараты) нотариус Какибаев Даулет Амангельдиевичке хабарласуыңызға болады. Тел. 8 702 391 0 333.

Хабарландыру
«Capital Stroy V» ЖШС ҚТҚ барлау жоспарлары бойынша қоғамдық тыңдаулар туралы хабарлайды: №4132-EL лицензиясы бойынша 17.09.2026ж. сағат 12:00-де Бастал ауылында, ауылдық клубта; №4133-EL 17.09.2026ж. сағат 14:30-да Осибай ауылында, әкімдікте; №4376-EL 17.09.2026ж. сағат 16:00-де Өсібай ауылында, әкімдік ғимаратында өтеді. Онлайн қатысу: сәйкестендіргіш: 817 782 8008; код 12345. Ескертулер мен ұсыныстар ҰДБ порталында немесе expertiza.upr_krg@mail.ru арқылы қабылданады.

Объявление
ТОО «Capital Stroy V» уведомляет о проведении общ. слушаний по Плану разведки ТПИ по лицензиям: №4132-EL пройдут 17.09.2026г. в 12:00 в с.Бастал, сельский клуб; №4133-EL пройдут 17.09.2026г. в 14:30 в с.Осибай, здание акимата; №4376-EL пройдут 17.09.2026г. в 16:00 в с.Осибай, здание акимата. Онлайн-участие: идентификатор 817 782 8008; код 12345. Замечания и предложения принимаются на портале НБД либо на expertiza.upr_krg@mail.ru.

Хабарландыру
«KazPetroAlliance» ЖШС №4124-EL лицензиясы бойынша ҚТҚ барлау жоспарына қатысты қоғамдық тыңдаулар туралы хабарлайды. Тыңдаулар 18.09.2026ж. сағат 10:00-де Ақтасты ауылы, әкімдікте өтеді. Онлайн қатысу: сәйкестендіргіш 880 8549 6806, код 269567. Ескертулер мен ұсыныстар ҰДБ порталында немесе expertiza.upr_krg@mail.ru арқылы қабылданады.

Объявление
ТОО «KazPetroAlliance» уведомляет о проведении общ. слушаний по Плану разведки ТПИ (лицензия №4124-EL), которые пройдут 18.09.2026г. в 10:00 в с.Актасты, акимат. Онлайн-участие: идентификатор 880 8549 6806; код 269567. Замечания и предложения принимаются на портале НБД либо на expertiza.upr_krg@mail.ru.

Біздің электрондық поштамыз:
Karkaraly_TOO@mail.ru

Біздің байланыс телефонымыз:
8-775-548-3523

Руханият

Қарқаралыда Абай күніне орай түнгі әдеби-сазды кеш өтті

Тамылжыған тамыз көшінде Қарқаралы қаласының Орталық саябағында Абай күніне орай «Махаббатсыз – дүние бос...» атты түнгі әдеби-сазды кеш өтті.



Қарқаралы аудандық кітапханасының ұйытқы болуымен ұйымдастырылған рухани шара қала тұрғындары мен қонақтарының басын қосып, қазақтың ұлы ақыны, хакім Абайдың мол мұрасын дәріптеген тағылымды кешке ұласты.

Кештің басты мақсаты – Абай шығармашылығын кеңінен насихаттау, ақынның терең ойлы өлеңдері мен қара сөздеріндегі тағылымды ұрпақ санасына сіңіру, сондай-ақ әдебиет пен өнерді халыққа жақындата түсу. Жаймашуақ жаз кешінде саябақ төрінде өткен шараның өзіндік ерекшелігі де осында болды. Күнделікті қарбаластан бір сәт алыстаған жұртшылық руханият әлеміне бойлап, Абай әлемімен сырласты.

Салтанатты шараның ашылуында Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Ағыбайұлы Ілияш сөз сөйлеп, жиналған қауымды Абай күнімен құттықтады. Ол өз сөзінде ұлы ақынның қазақ әдебиеті мен ұлттық руханиятындағы орнына тоқталып, Абай мұрасының уақыт өткен сайын маңызы арта түсетінін атап өтті.

Абай – қазақтың ғана емес, адамзаттың рухани ой-санасына өзіндік із қалдырған ұлы тұлға. Оның шығармаларында адам болмысы, білім мен ғылым, еңбек пен талап, ар-ұят пен мінез, махаббат пен достық секілді мәңгілік құндылықтар кеңінен қамтылған. Сондықтан хакімнің әр сөзі

бүгінгі қоғам үшін де өзекті.

Кеш өткен саябақ аумағы да Абай рухына сай ерекше эстетикалық тағаммен безендірілді. Мұнда «Махаббатсыз дүние бос...» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, ақынның шығармашылық мұрасынан сыр шертетін түрлі көрнекіліктер көпшілік назарына ұсынылды.

Көрме төрінен Абайдың 45 қара сөзінің түйіні өрнектелген инсталляция, кітаптардан құрастырылған «АБАІ» жазуы, «Абайдан өсиет» қобдишасы және ұлы ақынның макеті орын алды. Өрбір композиция кешке келген көрерменнің назарын аударып, Абай шығармашылығына қызығушылығын арттырды.

Әсіресе «Абайдан өсиет» қобдишасы арқылы ақынның қанатты сөздері мен ғибратты ойларын оқырманға ұсыну кештің мазмұнын аша түсті. Бұл – ұлы ақынның тағылымын тек сахна төрінен емес, көрерменнің өзіне жақындата түсудің әсерлі тәсілі болды. Әдеби-сазды кештің көркемдік мазмұны Абайдың әсем әндерімен сабақтасты. Ұлы ақынның сырлы әндері кештің ажарын ашып, саябақ төрін ерекше әуезге бөледі.

Ауданның «Қайран жастық» ардагерлер хор ұжымы «Айттым сәлем, Қаламқас» және «Көзімнің қарасы» әндерін орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Абай әндерінің сырлы әуені тамыз кешінің тыныш

лебімен астасып, тыңдарманға ерекше әсер сыйлады.

Кеш барысында жас буын өкілдері де өнер көрсетіп, ұлы ақынға арналған арнауларын жеткізді. Жастардың Абай өлеңдерін нақышына келтіріп оқуы – ақын мұрасының кейінгі буын жүрегінде де өз орнын тапқанын аңғартты.

Кітапханашы Айдана Шашубаева ұлы ақынға арнаған жырын оқып, әдеби кештің мазмұнын толықтыра түсті. Өлең мен ән, қара сөз бен көркемдік безендіру тоғысқан кеш көрерменге Абай әлемін әр қырынан танытуға мүмкіндік берді. Абайды тану – өзінді тану. Ұлы ақынның шығармаларын оқу арқылы адам өзінің ішкі дүниесіне үңіліп, өмірдің мәні мен адамдық қасиеттің салмағын сезінеді.

Оның «Толық адам» ілімі, ғылым мен білімге шақырған ойлары, еңбек пен талапты биік қойған ұстанымы бүгінгі ұрпақ үшін де аса маңызды. Саябақтағы түнгі әдеби-сазды кештің ерекшелігі – Абай шығармашылығын ресми шара аясында ғана емес, халықпен етене араластыра отырып насихаттауында. Табиғат аясында, жаздың жаймашуақ кешінде өткен рухани жүзделу көпшілікке еркін форматта әдебиет тыңдап, ән тыңдап, ой бөлісуге мүмкіндік берді.

Мұндай тағылымды шаралар кітапхана мен оқырман арасындағы байланысты нығайтып қана қоймай, тұрғындардың рухани өмірін жандандыруға да септігін тигізеді. Әсіресе жастардың әдебиетке, ұлттық өнерге және тарихи-мәдени мұраға қызығушылығын арттыруда маңызы зор.

Қарқаралыда өткен «Махаббатсыз – дүние бос...» атты әдеби-сазды кеш – Абай мұрасының өміршеңдігін тағы бір мәрте танытқан тағылымды шара болды. Ұлы ақынның сөзі мен әні жаңғырып, саябақ төрінде рухани әуенге ұласқан бұл кеш көпшіліктің көңілінде жылы әсер қалдырды. Абай айтқандай, адам баласын бауыр тұтқан махаббат пен ізгілік – адамдықтың негізі. Ал сол ұлы құндылықтарды ұрпақ санасына сіңіру – баршамызға ортақ міндет. Сондықтан Абай мұрасын ұлықтау, оның тағылымын кейінгі буынға жеткізу – руханиятымыздың сабақтастығын сақтаудың жарқын жолы.

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

«Алтын домбыра» – дәстүр сабақтастығы



(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақ халқы домбыраны ерекше қастерлеген. Қара домбыраның қасиеті елдің өткенімен сабақтасып жатыр. Күйші домбыра арқылы жүрек сырын жеткізсе, әнші халықтың сөзін әнге қосып, елдің мұнын мұндап, жоғын жоқтаған. Домбыраның үнімен талай ұрпақ тәрбиеленіп, ұлттық сана қалыптасты. Бүгінгі күні де бұл қасиетті өнер өз мәнін жойған жоқ.

«Алтын домбыра» байқауының осындай рухани маңызы бар. Ол – өнерпаздардың басын қосатын шығармашылық алаң ғана емес, дәстүрлі өнерді насихаттайтын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тағылымды мәдени жоба. Әсіресе ауылдық жерлердегі өнерпаздарға аудандық деңгейде өз мүмкіндігін көрсетуге жол ашуы – байқаудың маңызын арттыра түседі. Тегісшілдік ауылдық округінде өткен VIII аудандық байқау да осы мақсаттың үдесінен шықты.

Өнерпаздар өзара тәжірибе алмасып, көрермендер дәстүрлі әннің небір інжу-маржандарын тыңдады. Мұндай шаралар ауыл мәдениетінің дамуына серпін беріп, ел ішіндегі өнерлі жастарды анықтауға мүмкіндік береді.

Байқаудың тағы бір тағылымды тұсы – өнер додасының жыл сайын әр ауылда жалғасуы. «Алтын домбыраны» жеңіп алған ауылдық округтің келесі жылы байқауды өз төрінде өткізуі елді мекендердің мәдени өмірін жандандырып, ауыл тұрғындарының өнерге деген қызығушылығын арттырады. Бір ауылда басталған өнер мерекесінің келесі жылы басқа ауылда жалғасуы – дәстүр сабақтастығының жарқын көрінісі.

Абай күніне орай өткізілуінің де өзіндік мәні бар. Қазақтың ұлы ойшылы, ақын Абай Құнанбайұлы ұлттық өнерді, ән мен сөзді биік бағалаған. Оның «Сегіз

аяқ», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» секілді әндері қазақ музыкасының алтын қорынан берік орын алды. Осы тұрғыдан алғанда, Абай күнінде дәстүрлі ән байқауының ұйымдастырылуы – рухани үндестігі жарасқан игі бастама.

Бүгінгі таңда ұлттық өнерді заман талабына сай насихаттау, оның табиғи болмысын сақтай отырып, жас ұрпаққа жеткізу аса маңызды. Өйткені жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – елдің рухани тұтастығын сақтаудың бір жолы. Осы ретте «Алтын домбыра» секілді байқаулардың тәрбиелік әрі мәдени мәні айрықша.

Өнер сайысының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін құттықтай отырып, байқауға қатысқан барлық өнерпазға алғыс білдірген жөн. Себебі сахнаға шығып, халық алдында өнер көрсету – үлкен еңбек пен дайындықты қажет етеді. Әр қатысушының өнерге деген талпынысы – ұлттық мәдениетіміздің болашағына қосылған үлес.

Қасиетті қара домбыраның үні – халықтың үні. Сол үннің үзілмей, кейінгі ұрпаққа аман жетуі үшін өнерпаздармен қатар, ұстаздар мен мәдениет қызметкерлерінің, ата-аналар мен жалпы ел-жұрттың еңбегі қажет. Тегісшілдікте өткен VIII аудандық «Алтын домбыра» байқауы – ұлттық өнерге деген құрметтің, ел ішіндегі мәдени сабақтастықтың және жас таланттарға көрсетілген қолдаудың жарқын көрінісі болды. Мұндай игі шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, ауданымыздың өнерлі жастарының қанатын қатайта берсін.

Қазақтың қара домбырасы төрден түспесін, дәстүрлі әннің дархан үні даламызда қалықтай берсін! Өнеріміз өркендеп, ұлттық құндылықтарымыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бергей!

Меруерт БАЛКЕЕВА

Игі іс – өнеге

Қарқаралының қайталанбас табиғаты мен тарихи-мәдени мұрасы – елдің ортақ қазынасы. Көкке бой түзеген қарағайлы таулар, қия жартастар мен тұмса табиғат жыл сайын өңірге келген қонақтарды тәтті етеді. Алайда табиғаттың көркін бұзатын, тарихи және табиғи нысандарға зиян келтіретін келеңсіз әрекеттер де көзdesіп жатады. Соның бірі – жартастарға түрлі жазулар жазып, табиғи нысандарды бүлдіру.

Осыған байланысты Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде табиғи және мәдени мұраны қорғауға бағытталған маңызды волонтерлік акция ұйымдастырылды. «Мәдени мұра» клубының волонтерлері, Қарағанды облысының белсенді азаматтары мен Қарқаралы жастары бірлесіп, жартастардағы вандалдық жазуларды тазарту жұмыстарын жүргізді. Игі бастама тарихи, мәдени және табиғи нысандарға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Өз елімізде із қалдырмай SAYANATIME» жобасы аясында жүзеге асырылды.

Табиғатты қорғау – ортақ міндет

Қарқаралы табиғаты – тек аудан тұрғындарының ғана емес, бүкіл елдің мақтанышы. Оның әрбір жартасы мен тау сілемі, бұлағы мен орманы табиғи мұраның бір бөлшегі саналады. Сондықтан мұндай нысандарды қорғау – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, келешек алдындағы жауапкершілігі.

Жартастарға жазу жазу бір қарағанда елеусіз әрекет болып көрінуі мүмкін. Алайда мұндай «іздер» табиғи ландшафтың көркін бұзып қана қоймай, қоршаған ортаға деген жауапсыз көзқарастың қалыптасуына жол ашады. Табиғатқа келген әрбір адам артында қоқыс немесе жазу емес, жақсы әсер мен таза табиғат қалдыруы керек. Осыны мақсат еткен волонтерлер акция барысында жартастардағы жазуларды тазалап, табиғи нысандардың бастапқы қалпын сақтауға өз үлестерін қосты.

Жастардың жанашырлығы – жақсы үлгі

Акцияға Қарқаралы жастарының белсенді қатысуы ерекше атап өтуге тұрарлық. Өйткені туған жердің табиғатын қорғауісіне жастардың араласуы – олардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымының қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Жастар үшін мұндай шаралардың тәрбиелік мәні де зор. Олар табиғатты қорғаудың сөз жүзіндегі ұғым емес, нақты іс пен жауапкершілікті талап ететін ортақ міндет екенін тәжірибе арқылы сезінеді. Туған өлкенің табиғатын көздің қарашындай сақтау – оны мекендейтін әрбір адамның парызы. Волонтерлердің еңбегі осы қарапайым, бірақ маңызды қағиданы қоғамға тағы бір мәрте еске салды.

«Өз елімізде із қалдырмай...»

Акция «Өз елімізде із қалдырмай SAYANATIME» жобасы аясында ұйымдас-



тырылды. Жобаның негізгі мақсаты – тарихи-мәдени және табиғи мұраға ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру, вандализмнің алдын алу және азаматтарды қоғамдық маңызы бар жұмыстарға тарту. Жобаны Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысы бойынша Қазақстанның Азаматтық Альянсы мен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен «Тарихи-мә-

дени бағыттағы волонтерлікті дамыту» бағыты бойынша шағын грант иегері Жанартай Санақбай жазуға асырып келеді. Мұндай бастамалар қоғамның ортақ құндылықтарға деген жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді. Әсіресе тарихи-мәдени және табиғи мұраларды сақтауға волонтерлерді жұмылдыру – азаматтық белсенділікті арттырудың тиімді жолдарының бірі.

Із қалдырмай саяхаттау – мәдениеттің белгісі

Қазіргі таңда табиғи орындарға саяхаттау мәдениеті ерекше маңызға ие. Туризм дамыған сайын табиғи аумақтарға келушілер саны да артады. Бұл өз кезегінде табиғи нысандарды қорғау мәселесін алдыңғы қатарға шығарады. Табиғат аясына демалуға барған адам қоршаған ортаға құрметпен қарауы қажет. Қоқыс қалдырмау, өсімдіктерге зиян келтірмеу, тарихи және табиғи нысандарды бүлдірмеу – әрбіразамат сақтауы тиіс қарапайым талаптар. «Өз елімізде із қалдырмай» деген ұстанымның мәні де осында. Саяхатшының ең жақсы ізі – оның табиғатты таза күйінде қалдыруы. Ал жартастарға жазылған есімдер мен түрлі белгілер ешқашан жақсы естелік бола алмайды. Қарқаралыда өткен бұл акция табиғатты қорғау мен туған жерге жанашырлық танытудың жарқын үлгісіне айналды.

Волонтерлердің еңбегі арқылы жартастардың тазартылуы ғана емес, қоғамға маңызды ой да жеткізілді: табиғи мұра – кейінгі ұрпаққа қалатын аманат. Туған жердің табиғатын қорғау – туған елді қорғаудың бір көрінісі. Сондықтан әрбір азамат «Менің Қарқаралым!», «Менің Қазақстаным!» деген сөздерді тек ұран ретінде емес, нақты іспен дәлелдей білуі қажет. Табиғатқа таңба қалдырмайық, керісінше, оны қорғаған жақсы ісімізбен із қалдырайық!

Баршын ЕРТІСҚЫЗЫ

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС Директоры – Бас редактор Гульбаршин Жумаханова	100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй Бас редактор – 31-3-50 (факс) Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23 Бухгалтерия – 31-4-56 E-mail: karkaraly_too@mail.ru Біздің есепшотымыз: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы, ИИК KZ326010191000161842, БИК HSBKZKZK БИН 990940002210	Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Арқо» ЖШС (Сәтбаев к., 15) баспаханасында басылды.	Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Г Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ23VPY00109516 қайта есепке қою куәлігімен тіркелген. Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ. Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 32
---	--	---	---